



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары –
«АМАНАТ» партиясы
фракциясының мүшелеріне

2022 жылғы 30 қарашадағы № ДС-352

Құрметті депутаттар!

Қазақстан қалаларын жылумен жабдықтау бойынша проблемалық мәселелерге қатысты Сіздердің сұрауларыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Энергетика кәсіпорындарында техникалық аудит жүргізуге қатысты

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға техникалық аудит жүргізу бойынша жұмыс басталды.

Бұл жұмыс екі кезеңде: бірінші кезеңде – электр станцияларына және екінші кезеңде электр желілік ұйымдарға аудит жүргізу жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта сараптама комиссиясы бастапқы кезеңде Қазақстанның барлық станцияларындағы жабдықтың қазіргі жай-күйіне бағалау жүргізуде. Энергия өндіруші ұйымдар бойынша техникалық аудитті 2023 жылғы бірінші тоқсанда аяқтау жоспарланып отыр. Жүргізілген техникалық аудит негізінде жаңғырту және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажеттілігіне байланысты әрбір станция бойынша техникалық ұсынымдар дайындалатын болады.

Жылу электр орталықтары мен желілердің тозу дәрежесіне қатысты

Елде 37 жылу электр орталығы (бұдан әрі – ЖЭО) жұмыс істейді, оның 15-і – коммуналдық және квазимемлекеттік меншікте, 22-сі – жеке меншікте. ЖЭО-ның шамамен 76 %-ы 50 жылдан астам пайдаланылған. ЖЭО негізгі жабдықтарының орташа тозуы 66 %-ды құрайды, ал Қазақстан Республикасындағы өңірлік электржелілік компаниялардың орташа тозуы шамамен 65 %-ды құрайды.

Еліміздің энергия беруші ұйымдарының басым бөлігі де жеке меншікте екенін атап өту қажет, осыған байланысты бұл ұйымдар үшін электр желілері мен ЖЭО-ның тозу мәселесі табиғи монополиялар субъектілерінің электр желілерінің тозуын азайтуға бағытталған іс-шаралар жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды орындау шеңберінде ғана қаралуы мүмкін.

Табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламаларының тетігі *(бес жылдық кезеңге бекітілетін)* электр желілерінің тозуын төмендету жөніндегі индикаторларды көздейді.

Мемлекеттік бағдарламалар арқылы жылу жүйелеріне қаражат бөлуге қатысты

Бюджеттік бағдарламалар шеңберінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2015 – 2022 жылдар аралығында он өңірде 31 жобаның жылумен жабдықтау жүйесін дамытуға республикалық бюджеттен жалпы сомасы 215 410 091 мың теңгеге қаржыландыруды жүзеге асырды.

Қаражаттың негізгі көлемі жеті жылу электр орталығын *(Астана, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарында)* жаңғырту, салу, кеңейту және реконструкциялау, жылу желісін реконструкциялау *(Алматы және Астана қалаларында)*, сондай-ақ 15 қазандықты *(Алматы қаласында және Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар облыстарында)* салу, кеңейту және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бағытталды.

Кәсіпорын акционерлерінің жылу магистральдары мен магистральдардың техникалық жай-күйі үшін құқықтық жауапкершілігін қарау, сондай-ақ тұтастай алғанда энергетика саласына, қоғамдық бақылауды белгілеуге кешенді назар аударуға қатысты

Қазіргі уақытта «Тарифті инвестицияларға айырбастау» жаңа бағдарламасын 2023 жылы қабылдау мәселесі пысықталуда.

Сонымен қатар, «Тарифті инвестицияларға айырбастау» жаңартылған бағдарламасы шеңберінде ұсынылатын шараларды толыққанды іске асыру үшін нарыққа қатысушылар тарапынан алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етудің ашықтығы бойынша қарсы міндеттемелерді енгізу жоспарлануда. Сонымен заңнамалық деңгейде мыналарды қарастыру қажет:

- «Тарифті инвестицияларға айырбастау» саясаты шеңберінде алынған қаражаттың мақсатты пайдаланылуына (сондай-ақ кез келген кезеңдерде жөндеу жұмыстарының орындалуына бақылауды жүзеге асыруды көздейтін) мемлекеттік энергетикалық бақылау және қадағалау саласындағы уәкілетті органның бақылау функцияларын қайтару;

- салынған инвестициялар шеңберінде қол жеткізу қажет нысаналы индикаторларды белгілеу (тозуды, авариялылықты төмендету, шартты отынның үлестік шығыстарын төмендету, экологиялық көрсеткіштерді жақсарту);

- объективті себептер болмаған кезде көрсеткіштер жетпеген жағдайда айыппұл санкцияларын белгілеу;
- қаражатты мақсатсыз пайдаланған жағдайда, оның ішінде кәсіпорын басшыларының жауапкершілігін белгілеу.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов

орынд.: С. Мамытов, 74-54-67



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции партии
«АМАНАТ»

На № ДС-352 от 30 ноября 2022 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев Ваш запрос касательно проблемных вопросов по теплоснабжению в городах Казахстана, сообщаю следующее.

Касательно проведения технического аудита на предприятиях энергетики

Во исполнение поручения Главы государства начата работа по проведению технического аудита энергопроизводящих и энергопередающих организаций.

Данная работа будет осуществлена в два этапа, на первом этапе - проведение аудита электростанций и на втором этапе - электросетевые организации. В настоящее время экспертной комиссией на начальном этапе проводится оценка текущего состояния оборудования на всех станциях Казахстана. Завершение технического аудита по энергопроизводящим организациям планируется в первом квартале 2023 года. На основании проведенного технического аудита будут подготовлены технические рекомендации по каждой станции с необходимостью проведения мероприятий по модернизации и реконструкции.

Касательно степени износа теплоэлектроцентралей и сетей

В стране функционирует 37 теплоэлектроцентралей (далее – ТЭЦ), 15 из которых находится в коммунальной и квазигосударственной собственности и 22 в частной собственности. Около 76 % ТЭЦ отработало более 50 лет. Средний износ основного оборудования ТЭЦ составляет 66 %, а средний износ региональных электросетевых компаний в Республике Казахстан - порядка 65 %.

Необходимо отметить, что большая часть энергопередающих организаций страны находится также в частной собственности, в связи с чем вопрос износа электрических сетей и ТЭЦ для данных организаций может рассматриваться только в рамках выполнения инвестиционных программ по мероприятиям, направленным на снижение износа электрических сетей субъектов естественных монополий.

Механизм инвестиционных программ субъектов естественных монополии (утверждаемый на пятилетний период) предусматривает индикаторы по снижению износа электрических сетей.

Касательно выделения средств на системы отопления через государственные программы

В рамках бюджетных программ Министерством энергетики Республики Казахстан с 2015 по 2022 годы осуществлено финансирование из республиканского бюджета на развитие системы теплоснабжения 31 проекта в десяти регионах на общую сумму 215410091 тыс. тенге.

Основной объем средств был направлен на реализацию мероприятий по модернизации, строительству, расширению и реконструкции семи теплоэлектростанций (в городе Астане, Костанайской, Восточно-Казахстанской, Западно-Казахстанской областях), реконструкции тепловых сетей (в городах Алматы и Астане), а также строительству, расширению и реконструкции 15 котельных (в городе Алматы, Алматинской, Акмолинской, Актюбинской, Жамбылской, Западно-Казахстанской, Костанайской, Мангистауской, Павлодарской областях).

Касательно рассмотрения правовой ответственности акционеров предприятия за техническое состояние тепломагистралей и магистралей, а также комплексного внимания к энергетической отрасли в целом, установлению общественного контроля.

В настоящее время прорабатывается вопрос принятия в 2023 году новой программы «Тариф в обмен на инвестиции».

Вместе с тем, для полноценной реализации предлагаемых мер в рамках обновленной программы «Тариф в обмен на инвестиции» планируется внедрение встречных обязательств со стороны участников рынка по прозрачности обеспечению целевого использования полученных средств. Так на законодательном уровне необходимо предусмотреть:

- возврат контрольных функции уполномоченного органа в области государственного энергетического контроля и надзора за целевым использованием средств (предусматривающее также осуществление контроля за исполнением ремонтных работ на любых этапах), полученных в рамках политики «Тариф в обмен на инвестиции»;

- установление целевых индикаторов, которые необходимо достичь в рамках вложенных инвестиций (снижение износа, аварийности, снижение удельных расходов условного топлива, улучшение экологических показателей);
- установление штрафных санкций в случае недостижения показателей при отсутствии объективных причин;
- установление ответственности в случае нецелевого использования средств, в том числе руководителей предприятий.

**Премьер-Министр
Республики Казахстан**

А. Смаилов